

Мектеп директорларына

Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімінің іс шаралар жоспарына сәйкес көркем еңбек пәні бойынша оқушылар арасында 2024 жылдың 15 наурыз күні «**Қош келдің-Өз Наурыз!**» атты аудандық сырттай балалар шығармашылығы көрме-байқауының өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Осыған орай, байқау ережесіне сәйкес аудандық іс-шараға қатысатын оқушылардың сұраныстары мен жұмыс материалдары 2024 жылдың 13 наурыз күнінен кешіктірмей аудандық білім бөлімінің әдіскері Н.Дархамбековаға жіберілуін қамтамасыз етулеріңізді сұрайды.

Ескерту! Байқаудың ережесі электронды пошталарыңызға жіберілді. Мерзімінен кешіктірілген сұраныстар мен жұмыстар қабылданбайды.

Қосымша: 2 бет (Байқау ережелері)

Басшы

М.А.Базарова


Орындаған: Н.Дархамбекова
Тел: 2-14-10

«БЕКІТЕМІН»

Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы

М.А.Базарова

2024ж



**Аудандық «Қош келдің-Әз Наурыз!» атты балалар шығармашылығы
көрме- байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер:

1.1. Аудандық «Қош келдің-Әз Наурыз!» атты сырттай балалар шығармашылығы көрме- байқауын (бұдан әрі көрме-байқау) өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттері, оның өткізу тәртібін анықтайды.

2. Көрме-байқаудың мақсаты:

2.1. Балалар мен жасөспірімдердің көркемдік, дизайнерлік ойлау қабілетін және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру.

3. Көрме-байқаудың міндеттері:

- Білім алушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін көрсетуге ықпал жасау;
- Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық потенциалын кеңейту;
- Қатысушылардың көркемдік, ұлттық нақыштағы шеберліктерін көтеру;
- Әр түрлі материалдарды қолдану және әр түрлі техникаларды пайдалануды үйрету;
- Сәндік қолданбалы өнерге және көркем шығармашылыққа қызығушылықтарын арттыру.

4. Көрме-байқауды өткізу орны және уақыты

4.1. Көрме- байқау **15 наурыз 2024 жылы** өткізіледі. Мекеме басшыларының қолы қойылған көрме-байқауға қатысу туралы өтінім және жұмыстар **2024 жылдың 13 наурызға дейін** аудандық білім бөлімінің әдіскері Н.Р.Дархамбековаға қабылданады.

5.Көрме-байқауға қатысушылар

5.1.Орта жас санаты бойынша 5-7 сынып аралығы, жоғарғы жас санаты бойынша 8-11 сынып аралығындағы оқушылар қатыса алады.

6. Көрме-байқаудың шарты және тәртібі

6.1.Көрме-байқау келесі номинация бойынша жүргізіледі:

- **Кескіндеме және графика** (акварель, гуашь, акрил, аралас техника және т.б)
- **Ұлттық сәндік-қолданбалы өнер** (коллаж, аппликация, жүннен, фетрден, тұзды қамыр, саз балшықтан, ағаштан, металдан және т.б материалдардан жасалынған)
- Көрме-байқауға бір автор бір жұмыс ұсына алады.
- Қатыстырылатын жұмыстар сапалы, жаңа болуы шарт.
- **Алдыңғы жылдары байқауларға қатысқан жұмыстар бағаланбайды.**
- Кешіктірілген жұмыстар және дұрыс толтырылмаған өтінімдер, тақырыпқа сай емес жұмыстар бағаланбайды.

7. Жұмысты бағалау кезінде келесі ерекшеліктер ескеріледі: тақырыпқа байланыстылығы, орындалу техникасының деңгейі, көркемдік безендірілуі.

8.Көрме-байқауға қатысушыларды марапаттау

8.1.Әділқазылар алқасы көрме-байқау жұмыстарын бағалау ерекшеліктеріне сәйкес бағалайды. Әділқазылар шешімі хаттамамен рәсімделеді. Жеңімпаздар жас санаты бойынша анықталады.

9. Жеңімпаздар Бас жүлде, I , II және III дипломдармен марапатталады.

Өтінім үлгісі

Аудандық «Қош келдің-Өз Наурыз!» атты балалар шығармашылығы көрме-байқауына қатысуға өтінім

Рет саны	Қатысушының аты-жөні (толық)	Сынып	Жұмыстың атауы	Номинация (техникасы)	Жетекшінің аты-жөні, байланыс телефоны